

Кімге: Қазақстан Республикасы су ресурстары және ирригация министрлігі

Автор: Қайыркенов Диас Даниярұлы, Ұлытау облысы энергетика және тұрғын-үй коммуналдық басқармасының энергетика және газбен жабдықтау бөлімінің бас маманы

Аналитикалық жазба

Тақырыбы: Ұлытау облысы Жезқазған қаласының халқын таза ауыз сумен қамтамасыз етуін талдау

Кілт сөздер: Жезқазған, су мәселесі, таза су, ауыз су

Кіріспе

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес және Жезқазған қаласына облыс орталығы мәртебесі берілгенін ескерсек, сумен үздіксіз қамтамасыз ету мәселесін шешу бірінші кезектегі міндет болып саналады. Биыл Жезқазған қаласын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін Есқұла су құбырының құрылысын аяқтау жоспарлануда. Мәселені толық шешу үшін Қожамсейіт кен орнын ескеріп, Ұйтас-Айдос су тартқышын реконструкциялау жолымен жерасты сумен жабдықтау көздеріне көшу жоспарлануда. Осыған байланысты «Қазақмыс» корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі су тартқышты кешенді реконструкциялау бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуде. Жоба 4 кезең бойынша жүзеге асырылады:

I. Жезқазған қаласының шаруашылық ауыз су тазарту қондырғысына дейін сутартқыш салынып, Ұйтас-Айдос тоғанының II көтергішінің сорғы станциясы реконструкцияланады.

II. Жұмыс істеп тұрған ұңғымаларды реконструкциялау, Айдос кен орнының жұмыс істемейтін ұңғымалары мен құрама коллекторларын қайта бұрғылау жүргізіледі.

III. Жұмыс істеп тұрған ұңғымаларды реконструкциялау, Ұйтас кен орнының жұмыс істемейтін ұңғымалары мен құрама коллекторларын қайта бұрғылау қолға алынады.

IV. Қожамсейіт кен орнының сутартқышы салынады.

Негізгі бөлім:

1. Жезқазған қаласының ауыз су мәселесі.

Жезқазған қаласының тұрғындары таза ауыз суға зәру. Себебі құбырдың 70 пайыздан астамы әбден шіріп тозған. Кеңгір су қоймасынан алынатын тіршілік нәрі гидроцехта қанша тазартылғанымен, құбыр бойымен үйді-үйге жеткенше ішуге жарамай қалады.

Кеңгір су қоймасы – Ұлытау облысындағы ең ірі су шаруашылығы құрылымдарының бірі. Бұл – Жезқазған қаласы тіршілігінің негізгі нәрі. Қала тұрғындары тұтынатын ауыз судың 60%-дан астамы осы ашық су қоймасынан, қалған бөлігі Ұйтас-Айдос жерасты су көзінен алынады. Ал Жезді су қоймасы аумағының сыйымдылығы – 76 млн текше метр. Бүгінде бұл екі қойма да күтім көрмей, жетімнің күйін кешкен. Кеңгір су қоймасының құрылысы 1940 жылы басталып, Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында тоқтап қалады. Соғыстан соң ел есін жиған кезде 1946 жылы құрылыс жұмыстары қайтадан басталып, 37,3 шаршы шақырым аймақты алып жатқан су қоймасы мен алып гидроқұрылыс 1952 жылы аяқталды. Жезқазған кен-металлургия комбинатының жедел дамуына байланысты 1965-1967 жылдары бөген ауқымы кеңейтіліп, 319 млн текше метр су жинақтайтын көлемге жеткізілді. Су қоймасының ұзындығы 30 шақырымдай, енінің ең жалпақ жері 1,7 шақырым, орташа тереңдігі – 8 метр. Содан бері Кеңгір су қоймасы Жезқазған қаласы тіршілігінің негізгі нәрі болып келеді. Бүгінде қала тұрғындары тұтынатын ауыз судың 60%-дан астамы осы ашық су қоймасынан, қалған бөлігі Ұйтас-Айдос жерасты су көзінен алынады. Ауыз су қалаға гидротехникалық цех арқылы залалсыздандырып, тазаланып берілсе де жағалаулары талапқа сай қорғалмаған ашық қойма суының сапасына жұртшылық күмәнмен қарайды.

Толықтай жерасты суымен қамтамасыз ету мәселесі ұзақ жылдан бері айтылғанмен, шешілмей келеді. Жезқазғанға 10 млн текше метрдей су береді деген, Есқұла жобасы да толық жеріне жеткізілген жоқ. Ал қаланы ауыз сумен жарым-жартылай жабдықтап отырған 60 шақырым жердегі Ұйтас-Айдос жерасты су көзінің құбыры жыл өткен сайын тозығы жетіп, жарамсыз болуға айналған. Бұл су көзі құрылғысы 1967 жылы пайдалануға берілген. Жоба бойынша жылына 30-35 млн текше метр су беруі керек болса, бұл көрсеткіш кейінгі жылдарда 3 есеге дейін төмендеп кеткен. Су көзіндегі бес ұңғыманың екеуі ғана жұмыс істейді. Ұйтас-Айдостың жерасты су көзінің жобалық мүмкіндіктері толық қуатында пайдаланылуы үшін қосымша ұңғымалары іске қосылып, 60 шақырымдық құбыры толықтай жаңартуды қажет етеді.

Өңірді дамытудың кешенді жоспары аясында мысты шаһардың іргесіндегі бұрынғы жерасты су көздерінен тартылған құбырды жаңарту басталған еді. Алайда, қаражат тапшылығынан жұмыс аяқталмай тұр. Әбден тозығы жеткен құбырлар қатты қысымға шыдамайды. Сондықтан, бұлақтан шыққан тіршілік нәрін Кеңгір суына аз көлемде ғана қосуға мүмкіндік бар.

Бүгінде су қоймасында 370 млн текше метрдей су бар немесе көлемі жобалық қуатынан 36,2%-ға төмен. Кейінгі жылдардағы құрғақшылыққа байланысты қойма арнасы суға толмай, кемеріне жетпей келеді. Сонымен қоса төменгі бьефтегі шлюз арқылы ондаған жылдар бойы су ағызылып жіберілген жоқ. Қойманы пайдаланушылар тарапынан су түбіндегі лай шөгінділері мен өсімдіктердің шіріген қалдықтары тазартылмайды. Су

қорғау аймағы мен жағалауы қоқысқа толы. Тазарту, абаттандыру жұмыстары дұрыс жүргізілмейді.

Жезқазғандықтар үйдегі краннан мүлде су ішпейді. Себебі дәмі кермек татиды, әрі таза емес. Өйткені, қалаға берілетін тіршілік нәрінің 60 пайызы сай-саладан жиналған судан құралған Кеңгір қоймасынан сүзіліп беріледі.

2. Жезқазған халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету үшін, қазіргі жағдайда жасалып жатқан жұмыстар.


Жезқазған халқын таза сумен қамту мақсаттында, Ұлытау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында республикалық бюджеттен жалпы сомасы 46,8 млрд теңгені (2023 жылға – 12,4 млрд теңге, 2024 жылға – 17,4 млрд теңге, 2025 жылға – 11,0 млрд теңге, 2026 жылға – 6,0 млрд теңге) құрайтын шығыстар көзделген. Реконструкциялаудың бірінші кезеңі бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Ол бүгінгі күні республикалық меншікке берілді. Жалпы Жезқазған қаласының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі Үкіметтің ерекше бақылауында. Осыдан үш жыл бұрын өңірді дамытудың кешенді жоспары аясында қала сыртындағы Ұйтас, Айдос жерасты су көздерінен тартылған ескі құбырды жаңалау басталған еді. Сөйтіп, бұлақ суын Кеңгір қоймасына қосу арқылы тіршілік нәрінің сапасын жақсарту көзделді. Алайда, қаражаттың тапшылығынан құбырдың тек 17 шақырымы ауыстырылды.

Жезқазғанда екінші кезектегі қаланың шаруашылық-ауыз су тазарту құрылыстары қайта жаңартылатын болады. Жобаның жалпы құны - 8,5 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар, жалпы ұзындығы 218,7 км болатын қалаішілік су құбыры желілерін қайта жаңарту жалғасады, жоба сомасы - 1 млрд 63 млн теңге. Сонымен қатар, Жезқазған қаласының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ Ұйтас-Айдос су таратқышында жиі апаттық жағдай туындауының алдын алу мақсатында биыл өндірістік су жинағыштың құрлықтағы сорғыларынан тазарту құрылыстарына дейін резервтік су таратқыш шұғыл түрде салынды және іске қосылды.

Қорытынды:

Қортындылай келе, барлық жобаларды іске асыру 2025 жылға дейін сумен қамтамасыз ету деңгейін Есқұла кен орнынан 11-ден 30 миллион текше метрге дейін, ал Ұйтас-Айдос көзінен 10,5-тен 26,4 миллион текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл қалаларды 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

Ұсыныс:



Гидравликалық электр станциясын салу. Гидравликалық электр станцияларында электр энергиясын өндіру үшін су энергиясын пайдалануға негізделген энергетика саласы. Гидроэнергетика энергетиканың басқа түрлерімен салыстырғанда қоршаған ортаны аз ластайды.